

# АҚМЕШІТ

# жастары



Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 04 (437)  
27 қаңтар, 2022 жыл



### Гүлдана ЖҰМАДИН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамның бірігу құралы болатын және денсаулық сақтау, білім беру салаларында, әлеуметтік жәрдем көрсетуде қордаланған мәселелерді шешумен айналысатын «Қазақстан халқына» қорын құруды тапсырған болатын. Қордың негізгі мақсаты қандай, қаржы қайда сақталады, төрағасы кім?

Аталған қордың мақсаты белгілі. Бұл жөнінде Президент Парламент Мәжілісінің отырысында келесідей мәлімдеген еді: «Қазақстан Конституция бойынша әлеуметтік мемлекет. Республикалық бюджеттің 50 проценттен астамын әлеуметтік шығындар құрайды. Бірақ бұл жеткіліксіз. Бізде ұлттық қор бар, ол – еліміздің қаржылық тірегі.

«Қазақстан халқына» қоғамдық

әлеуметтік қорын құруды тапсырамын. Ол денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау салаларындағы өзекті мәселелерді шешуге көмектеседі. Мысалы, сирек кездесетін сырқатпен ауыратын балаларға көмектеседі, себебі көптеген отбасы үшін емдеу шығыстары жетпей жатады. Қабілетті балаларға, мәдениетке қолдау көрсетеміз, өткендегі оқиғадан кейінгі қиын жағдайда қалған Алматы жағра-дем бе-ре-

міз. Осы қордың қаржы-танан біз қаза тапқан полициялер мен әскери қызметшілердің отбасыларына көмектесеміз» деді. Айтпа кетейік, қордың қамқоршылық кеңес мүшелері қор басшысы ретінде Болат Жәмішевті сайлаған. Ал «Қазақстан халқына» қорына түскен қаржы 7 қазақстандық банкте сақталады. Мұның себебін қор басшысы былай тарақтты.

– Қорға түскен қаржы 7 банкте болады. Барлығы да –

отандық банктер. Қайырымдылық жасаған адам немесе ұйым қаржыны қай банк арқылы жібереді, ақша сол банкте болады. Қор ашыла сала алғашқы қаржы Halyk Bank арқылы түсті. Одан кейін Kaspi.kz және тағы 5 банкке қайырымдылық қаржысы түсе бастады. Қаржыға біз жауапты болғандықтан, халық сеніміне кірген, несие жүресі оң жолға қойылған банктер таңдалды. Одан әрі отандық ірі кәсіпорындармен тікелей жұмыс істейтін боламыз. Ал орта және шағын кәсіпорындармен «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы арқылы меморандум жасаймыз, – деді Б.Жәмішев.

Осы орайда экономист Олжас Құдайбергенов «Қазақстан халқына» қорының құрылтайшылары туралы әлеуметтік желіде кеңінен түсіндіріп, пікір білдірген болатын.

Жалғасы 3-бетте

ҚОРААҒЫ ҚАРЖЫ ҚАЙДА САҚТАМАДЫ?

### Нұркен АҚБЕРГЕНОВ, музыкант:

## «ӘР АСПАП АДАМНЫҢ ЖАНЫ СЕКІЛДІ»

– Нұркен, өнерге қадамың қалай басталды?

– Өзім Ақтау қаласында дүниеге келдім. Алғаш рет 6 жасымда туған әлкенімнің бағыттауымен музыкалық мектепке, соның ішінде виолончель аспабын үйрететін сыныпқа бардым. Ал өпкем скрипкада ойнайды, яғни алғашқы музыкалық білімімді арнаулы мектепте жетілдіріп, 9 сыныпты бітірген соң Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжине оқуға түстім. Қазіргі таңда аталған оқу орнында виолончелист мамандығының 4 курс студентімін.

– Неліктен осы оқу орнын таңдадың?

– Бұл салада үздік жоғары оқу орны, ең үздік колледж деген болмайды. Өнерге, соның ішінде классикалық бағытқа қадам басқан адам оқу орнын емес, ұстазды таңдау керек. Мен де қазір кәсіби білім беріп жүрген ұстазым, виолончелист, дирижер Кеулімжай Ботабаевты таңдап, осы оқу орнына тапсырдым. Көптең өнердің қатарларын көрсетіп, кәсіби сауаттылық пен адам тәрбиені қатар үйретіп жүрген ұстазыма айтар алғысым шексіз.

– Виолончельдің басқа аспаптардан ерекшелігі неде?

– Музыкалық аспаптардың еркіндігі адамның жаны секілді сан қилы, өзінше күрделі, жұмбақ. Виолончель – алғаш рет XVI ғасырда жасалған ішекті аспап. Негізінен бұл тонка скрипка, алып, контрабас секілді аспаптар да кіреді. Ерекшелігі, дауысының жылылығында, қоңырлығында. Сонымен бірге аспаптардың арасында адамның дауысына қатты ұқсайтыны да осы. Одан бөлек фортепиано, домбыра, гитарада ойнаймын. Бірақ барлығынан ерекше виолончель ұнайды.

– Өнер байқаумен өлеңмен айналасың. Дегенмен қатарластарыңның бағын байқап, бағынды сынап тұрасың ба?

Музыка – адамзаттың әмбебап тілі. Соның ішінде классикалық бағыттағы музыкалық шығармалардың орны бөлек. «Бах – менің құдайға сәнуіме басты себепкер» деген Роджер Фрайдың сөзіне сүйенсек, классикалық туындылар да, авторлар да адамзат баласымен бірге жасайды. Жер бетінде соңғы адам қалғанша музыка өлмейді. Осындай ерекше бағытты ұстанып, ішекті аспаптардың ішінде виолончельді таңдау арқылы талай жүректі төрентіп жүрген жас музыкант, сазгер Нұркен Ақбергеновпен сұқбаттасудың сәті түскен еді.



конкурсанда бірінші орын иемдендім. Өзіңіз айтқандай, өнер байқаудағы орынмен өлшенбейді. Оның бағасын уақыт, тыңдарман берсе керек.

– Өүенді орындау, аспапта ойнау терапияның бір түрі іспетті. Ал өн жазу ше? – Өн жазу мүлде бөлек дүние. Сөзсіз, классикалық стильде жазған ұнайды.

Өзірге ішекті аспаптар кәсібіне арналған 1 әуен жаздым. Одан бөлек виолончельге арналған сонатаны бастап қойдым. Сонымен қатар әртүрлі өзіме ұнаған классикалық

туындыларға аранжировка жасаймын.

– Қандай мақсаттарың бар?

– Колледжде бітірген соң Алматы қаласындағы өнер консерваториясына оқуға түсіп, білімімді жетілдіру – басты мақсатым. Оны бітірген соң шетелге барып, тәжірибе алмасқым келеді. Соның ішінде Швейцарияға баруды ерекше армандаймын. Одан кейін елге оралып, ұлттық мәдениетімізге үлес қоссам деген ниет бар. Қалғанын уақыт көрсетеді.

– Соңғы жаңалығыңмен бөліссен...

– Бұйырса, көктемде Қызылорда облыстық филармониясында жеке концертімді бермекпін. Соған дайындаудамын. Өнерсүйер қауымды, қызылордалықтарды сол кеште асыға күтемін!

– Өнеріңе тәнтіміз. Ендіше алдағы кешке сәттілік, Нұркен!

Әңгімелескен Дина БӨКЕБАЙ

## КҮШІМІЗ – БІРЛІКТЕ

Елдегі зардап шеккен бизнеске көмек беру үшін кәсіпкерлер мен қамқор азаматтардың күшін біріктіру мақсатында «Күшіміз бірлікте» қоры жұмысын бастады. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген ұстанымға берік кәсіпкерлердің бастаманы қолдағаны көпті қуантты. Жақсылық жасауға асыққан жандардың ішінде қызылордалық кәсіпкер, облыстағы кәсіпкерлер палатасы өңірлік кеңесінің мүшесі Раушан Базарбай да бар. Ол аталған қорға «Сана-Сезім орталығы» серіктестігінің атынан 1 млн теңге аударған.



Қазақ қоғамында халықтың бір-біріне жәрдем беріп, болыусы, қайырымдылық жасап демеуі – дәстүрлі үрдіс. Алдыңғы буынның жолын жалғап, асарлатып көмек беру қазіргі қоғамда да жалғасын келеді. Кешегі оқиғадан соң халықтың «Бір жағадан бар, бір жеңнен қол шығарып» бірігуі соның айғағы. Осындай ниетпен қорға көмек көрсеткен кәсіпкер қаржы қантар оқиғасында зардап шеккен бизнесіңіз аяққа тұруына көмек болады деген сенімде. Өрі өзге де әріптестерін қолдау бидіруге шақырды.

Енді қордың қызметіне тоқталсақ, Бұл – еліміздің 14 өңіріндегі белсенді кәсіпкерлердің ұсынысымен құрылған бастама. Қаражатты жинау және бөлу процесін барында ашық жүргізу үшін қамқоршылық кеңес қызмет етеді. Облыстан қамқоршылық кеңеске өңірлік кеңес төрайымы Гүлзагирә Әбдірайымова табылған қоғам мүшелері аудит жүргізіп, қор жұмысы бойынша БАҚ көздеріне есеп береді. Ұйым жұмысқа (өтегіз негізде) аталысуға, жанашырлық қатыпқан қоғам қайраткерлерін қосуға дайын.

Тіпті мүдделі туғаларға ыңғайлы болу үшін арнайы info-kazakhstan.kz сайтында осы жылдың 4-7 қаңтарында тәртіпсіздік барысында зардап шеккен субъектілер үшін электрондық кезек жою қосылды. Өтініш беру де жеңілдетілген. Ол үшін «Көмек қажет» батырмасын таңдап, электронды өтінішті ашу керек. Онда компания туралы деректерді енгізіп, келтірілген заңалды фото-материалдармен растаған соң өтінішке ЭЦҚ-мен қол қою керек. Өрі қарай «Күшіміз бірлікте» ҚБ өтінішті бағалау компаниясына жібереді, онда заңал мөлшері туралы қорытынды беріледі. Бұдан кейін кәсіпкермен келісімшарт жасалып, кезек тәртібінде көмек көрсетіледі.

Еңлік НҰРТАЙҚЫЗЫ

# ЖАСТАР НЕГЕ ӘСКЕРГЕ БАРҒЫСЫ КЕЛМЕЙДІ?

«Ерлік білекте емес – жүректе» дейді төуекелді ту етіп, батылдықымен жауға бастаған бағзы бабалар. Алайда бүгінгі күннің жігіттері «қоңыраулы найза қолға алып, жаулаулы найза жанға алып» жау қашырмай-ақ, Отан алдындағы борышы саналатын әскерден қашақтайды. Арнаулы сала мамандарының айтуынша, соңғы жылдары әскери борышын ерікті түрде өтеушілер қатары азаюда. Жастардың дені жалтарып, түрлі сылтау мен бармаудың жолын іздеп өлек.

Мемлекеттік Қарулы Күштер жүйесінде 18-ден 27 жасқа дейінгі ер азаматтарға әскери қызмет міндеттелгені мәлім. Жыл сайын борышын өтеуге 16 мың адам шақырылады. Соған қарамастан шақыртумен барғандар әскердің 30 процентін ғана құрайдымыс. Жастардың көпшілігі әскерге барғысы келмейді. Қантарда орын алған төтенше жағдайдан кейін аталған

жүйесі болу керек. Әскерге кім барады? Біріншіден, патриоттық тәрбиесі бар жас, екіншіден оның денсаулығы жақсы болу керек деген шарттары болу керек. Соның әскери борышын өтеп келген адамға қоғам оң көзқарасын қару керек. Бұрын Кеңес үкіметінде мынадай жүйе болған. Ол кезде жастардың жоғары білім алуы қиын еді. Ал әскерге барып келген жоғары оқу орнына бірден

салаға көп көңіл бөліну қажеттілігі туындаса, қызмет барысында ажал құшқан әскерилердің тағдыры тағы ойлантанды. Көпшіліктің әскер десе ат тонын ала қашуының негізгі себебі қандай? Жігіттер әскери жүйеден қорқа ма? Әлде әлеуметтік желідегі ақпараттар арқылы әскерге деген сенімсіздік артты ма?

Осы сұрақтар төңірегінде «Рухты жастар – ел ертеңі» атты пікірталас өтті. Шараның «Ақмешіт жастары» газетінің редакциясы қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты №18 кітапханамен бірлесіп ұйымдастырды. Оған қалалық мәслихат депутаты Гүлшат Мұсаева, облыстық «Ауғанстан соғысының ардагерлері ұйымы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Қайраңдар Баймаханов, №18 кітапхана қызметкері Зәуреш Әлішова, облыстық «Жастар ресурстық орталығының» бөлім басшысы Алматы Смайылов, орталық қызметкері Айдос Сәдіров, республикалық «Халық» газетінің тілшісі Рыскелді Жахман мен студент, республикалық «Халық» газетінің тілшісі Азамат Абимолда қатысып, тақырыпты тартқаты.

– Баланы бекітегі сәтінен бастап тәрбиелеу керек. Ескеннен кейін мотивация беру де маңызды, қазір бұл жағдайға мән бере бермейміз. Бүгінде жастарды әскерге алып кетеді, төрін тегін жұмыс үйретеді де, әскерден келген соң оны ұмытып кетеді. Сондықтан әскери борышын өтеудің де

қабылдайтын. Бұл – әскери адамға берілген халықтың марапаты мен құрметінің көрінісі. Сонымен қатар қазір мектепте алғашқы әскери даярлық сабағында теориядан бөлек практикалық білім берілуі керек. Ал кей мектепте тіпті қажетті құралдар, автоматтар жетіспейді, – дейді Қ.Баймаханов.

Әскери қызметтің отбасы институтымен, ұлттық құндылықтарға құрылған тәрбиемен тығыз байланысты екенін мойындауымыз керек. Осы орайда қалалық мәслихат депутаты Гүлшат Мұсаева: «Көпшілік әскер саны бойынша 166 елдің ішінде 70 орында тұр. Ал қарулы күштерінің тұрақты әскери – 39 мың. Сондай-ақ әскери құрылымдарда қарулы күштерге кірмейтін 31,5 мың адам бар, яғни жалпы 70,5 мың әскери қызметкер жұмыс істейді екен. Әскери қызмет пен осы саланың дамуы санға емес, сапаға байланысты. Дегенмен қоғамдық мәселенің бәрі бір тізбектің бойында: отбасылық тәрбие – Отанға қызмет – ұлттық қауіпсіздік. Сондықтан әскерге барып, соғысқа аттанбаса да, ерді намысшыл, нағыз азамат етіп өсіріміз керек. Ал патриоттық тек әскерге барумен өлшенбейді. Әркім өзінің жақсы көретін ісімен айналыса, сапалы қызмет атқару арқылы патриот болады. Әскерге бармағандарды кінәлай алмаймыз. Ол үшін алдымен жақсы жағдай туғызып, мүмкіндік пен мотивация сыйлай алуымыз қажет» деген пікірмен бөлісті.

Дина БӨКБЕАЙ

«Биылғы жылға жоспар көп. Негізгі басымдықты жастардың әлеуметтік мәселелеріне береміз. Осы жылы жергілікті жастар саясатын қолдауға бюджеттен 30 млн теңге көлемінде қаражат бөлінді. Аталған қаражатты және ЖҚО-ы мен жастар ұйымдарының ресурсы мен потенциалын дұрыс пайдалану – бізге жүктелген міндет. Биыл ашықтық принципі негізінде қандай әлеуметтік жобаларды жүзеге асыратынымызды және өзге де бағытта жүргізетін жұмыс жоспарларды кеңінен ақпараттандырамыз. Аталған кеңесте жастар саясатын жүзеге асыруда орын алған кемшіліктер нақты айтылып, талқыланды. Біз өз кезегімізде тоқсан сайын көтерілген мәселелер бойынша атқарған жұмыстарға өсетін береміз. Кеңеске қоғамдық ұйым өкілдерін, мәслихат депутаттары, жастар өкілдері және кез келген жастар саласына немқұрайлы қарамайтын азаматтар мүше бола алады» деп жазды орталық директоры.

Орталық негізнен жастарға әдістемелік, консультациялық көмек береді. Жастарды мүмкіндігінше әлеуметтендіруге жұмыс жасап, қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал жасайды. Аймақ жастарына талдау жасап, тиісті салаларға ұсыныс беру де күн тәртібінде. Осы бағыттарда нақты жұмыс жоспары бар.

## «ЖАСТАР КЕҢЕСІНІҢ» МАҢЫЗЫ ҚАНДАЙ?

1. Орталыққа мониторинг, талдау жасайтын мықты мамандарды тартып, аймақ жастарына қатысты аналитикалық жұмыстарды қарқынды жүргізу.
2. Арнайы «Жастарға қызмет көрсету» бұрышы ашылады. Енді ол жерде түрлі бағыттар бойынша жастарға көмек беріледі.
3. Қалаға қарасты ауылдық округтер мен қаланың шет аймақтарындағы мөлтек аудандарын секторларға бөліп, арнайы мамандар бекітілді. Олар сол жақтағы жастармен тығыз жұмыс істеп, ахуалына талдау жасап отырады. Сонымен қатар биыл әлеуметтік жоба аясында қала шеңберінде және Байқоңыр қаласында аула клубтарын ашу жоспарда бар.
4. «2022 жыл – Балалар жылы» болып белгіленуіне орай орталықта «Жас отбасылармен жұмыс және әлеуметтік мәселелер» бөлімі құрылды.
5. Негізгі мәселе – жұмысыздықпен күрес. Бос жұмыс орындар жәрмеңкесі, мемлекеттік бағдарламаларды дұрыс ақпараттандырып, тиімді пайдалануға көмектесу, кәсіпкерлік дамыту, жұмысшы жастардың мәртебесін көтеру, технопарктық қоғамды қалыптастыру бағытында бірқатар әлеуметтік жобалар қолға алынбақ.
6. NEET санатындағы жастармен жұмыстың екінші кезеңі 1 наурызға дейін аяқталып, дерекқор базасы жасақталады. Жұмыстың үшінші кезеңінде орталық мамандарымен талдау жұмыстары атқарылып, тиісті салаларға ұсыныс беріледі.

Бұдан бөлек, өңірдегі жастар ұйымдары мен волонтерлік қозғалыстардың басы бірігіп, «Сыр жастары» еріктілер штабы құрылды. Жастармен жан-жақты жұмыс жүргізу мақсатында әлеуметтік желілерді дұрыс, тиімді пайдалану мәселесі қолға алынды. Интернет-портал іске қосылды, журбидә мобильді қосымша пайдалануға берілді. Мүмкіндігі шектелген жастармен жұмыс, әскери патриоттық тәрбие, шығармашы жастарды қолдау, саламатты өмір салтын насихаттау, жастар денсаулығы, пробаиялық есепте тұрған жастардың, есірткі, алкогольге әуестігін азайту және алдын-алу жұмыстары және т.б. бағыттағы жұмыстарға басымдық беріледі.

### БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ



Жастарда ізденіс жоғары. Оны кітап сөресінен оқуға ыңғайлы кітап іздейтірін жүргендерден аңғару қиын емес. Осы орайда кітапқұмар жастарды облыстық «Жастар ресурстық орталығы» қолдап келеді. «Кітап сыйла» акциясы – соның дәлелі. Мемлекет басшысының биылғы жылды балалар жылы деп жариялағаны белгілі. Осыған орай орталық қызметкерлері балаларға тарту жасады. Оқулықтар әлеуметтік дүкен сәкерлеріне қойылып, аз қамтылған, көпбалалы отбасылардың тегін алуына жағдай жасалды. Акцияға облыстық орталығының бөлісінді оқырмандары қатысса, ертегі жазумен танылған жас жазушы Алтынай Берік авторлық кітаптарын дүкенге сыйға тартты. Сонымен қатар облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы және Қоржыт ата атындағы Қызылорда университетінің ұжымымен қатар білім алушылары акцияға белсене атсалысты.

### «ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП, ОҚУҒА ҚҰШТАР ҰЛТ»



Сырдариялық жас ақын Ақтөре Ибрагимұлы мектеп оқушыларымен кездесті. Шаған ауылындағы №37 мектеп-лицейінің ұйымдастыруымен «Оқуға құштар мектеп, оқуға құштар ұлт» жобасы аясында өткен шара ақынның өмірі мен шығармашылығына арналды. №37 мектеп-лицей директоры Ғ.Жаңабәева жобаның мәні мен мазмұнын, түпкі мақсаты туралы айтып, ұйымдастырылған шарада жергілікті ақынның шығармашылығын насихаттап, сондай-ақ оқушылардың әдебиетке, өлеңге деген сүйіспеншілігі артықаны жеткізді. 8-9-сынып оқушылары ақын өлеңдерін жатқа оқыды. Патриоттық өлеңдерді шабыттанып оқыған оқушылардың талабы шара көрермендерінің көңілін шықты. Әдеби байқау қорытындысында бас жүлдені Шырың Мұратова, I орынды Мөлдір Мұратқызы еншілесі, II орынды Диана Ғабитқызы иеленді. III орынды Жансұлу Шараева мен Ақерке Серікбаева өзара бөлісті.

### ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН ЖОБАЛАРҒА ДЕМ БЕРІЛДІ



Биылдан бастап «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының мерзімі аяқталды, оның орнына 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту бойынша Ұлттық жоба қабылданды. Мақсаты – шағын бизнесті дамыту. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Мейрамбек Әбдікерімов мәлімдеді. – «Президент Үкіметке «Жастар тәжірбиесі» және «Алғашқы жұмыс орны» жобаларына қатысудың мерзімін созып, еңбексіздікпен күресу мүмкіндігін қарастыруды тапсырды. Халықтың әлеуметтік осал тобындағы жастардың іскерлік бастамаларын іске асыруға жағдай жасау мақсатында Үкіметке тиісті гранттардың мөлшерін 2 есеге, яғни 400 айлық есептік көрсеткішке дейін көбейту жүктелді, – деді басқарма басшысы. Жоба аясында ережелерге өзгеріс енгізілімек. Соның бірі – жастар тәжірбиесінің мерзімін 12 айға дейін ұзарту және айлық жалмаңысын 30 айлық есептік көрсеткішке дейін көтеру. Айта кету керек, былтыр «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының бағыттарына 35037 адам қатысты.

# ҚОРДАҒЫ ҚАРЖЫ ҚАЙДА САҚТАЛАДЫ?

«Бұл мәселе бойынша көптеген тегтер бар, бірақ мынаны айтайын: Президент қор туралы сөйсейін, 11 қаңтарда жариялады. Өрине, Президенттің тапсырмасын орындау үшін Үкімет қорды құруға жедел жәрдемдесуді ұйғарып, жалпы қорлармен және қайырымдылық саласындағы қайраткерлермен аяусыз, 2 жеке тұлға мен 2 қорды тандап, қор құру туралы шешім қабылдады. Былайша айтқанда, құрылтайшыларды бастапқы құрамын тез арада жасақтап, сосын құрамын кеңейту ниеті болды (адамдар, заңды тұлғалар көп болады). Осы 4 құрылтайшының қордың мүлкі мен шешімдеріне ықпалы жоқ. Бұл жерде Қамқоршылар кеңесі жұмыс істейді. Қазір ұйымдастыру процесі жүріп жатыр, көп нәрсе талқы үстінде. Қаңтар айының соңына дейін аяқтаймыз деп үміттенеміз. Өзге аяқтаған жолпыз, талқылау этикасы сақталсын деген оймен. Сондықтан Қамқоршылық кеңес ештеңеге түсініктеме бермеді, бұл вакуумды алыпсатарлықтарды тудырды. Қор мемлекет меншігінде емес, қазір үкіметтің қорға ықпалы нөл, ең көбі балалар мәселесі бойынша Білім және ғылым министрлігіне, Денсаулық сақтау министрлігіне өзіміз жүгінеміз», – деді ол.

Сондай-ақ қор басшысы Болат Жәмішев қатысушылар кеңесінің құрылатынын да ашық айтты. Ол кеңесте қаржының қаншалықты тиімді жұмсалып жатқаны қаралады.


«Көпнәселі табысқа кенеліп жүргендер қорға қаржы аударсын деген ұсыныстарды естіп жатырмын. Қаржы халық игілігіне жұмсалсады. Сондықтан қорға адал жолмен тапқан табыстың түскенін қалаймыз. Мен үшін қайырымдылық қаражаттың қайда жұмсалатыны өте маңызды», – деді ол.

Ал «Қазақстан халқына» қорына аударым жасаған бизнес субъектілеріне

қандай жеңілдіктер беріледі? Бұл сауалға Қаржы министрлігі мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының орынбасары Қайрат Миятов келесідей жауап берді.

Айтуынша, бизнес субъектілерінің «Қазақстан халқына» қорына қаражат аударуын ынталандыру үшін Ұлттық экономика министрлігі алаңында Салық кодексіне түзетулер енгізу мәселесі қарастырылып жатыр. «Қазақстан халқына» әлеуметтік-қоғамдық қорына мүлік түрінде аударым жасағандарға салық салынатын кірісін азайту құқығы ұсынылады. Бұл жеңілдіктің мөлшері әлі талқылану кезеңінде.

Екінші бөлім – аталған қордың қаражатынан көмекке қатысты. Салық заңнамасы бойынша мұндай қаражат алушының табысы қайтарымсыз алынған мүлік ретінде қаралады. Біз қазір Салық кодексінің бұл



түрғыдағы ережесін қайта қарап жатырмыз, яғни салықтан босату жағына өзгерту енгізілімек», – деді комитет басшысы.

Қазір қайырымдылық қорында 12 миллиард теңгеден астам қаржы барды нақтылады. Ақшаны ірі бизнесмендерден бөлек қарапайым қазақстандықтар да аударған. Қор басшысының айтуынша, алғашқы қаржы қаңтардағы бұлік кезінде қаз-ақ тапқан әскери және полиция қызметкерлерінің отбасыларына бағытталды. Ақшаны бір бөліп науқас балаларды емдеуге жұмсалды.

Алайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік және бюджеттік қызметкерлердің бір күндік жалақысын «Қазақстан халқына» қорына аудару мүлдем қажетсіз бастама екенін және бұл бюджеттік қор емес екенін назарға салды. «Үндеудің қолдап, «Қазақстан халқына» қорына қаражат аударғандарыңызға алғыс білдіремін. Бұл игі және дер кезінде жасалған әрекеттер ең жоғары бағаға лайық, бірақ бұл жерде мүлдем болмауы керек. Мемлекеттік қызметшілерден, бюджеттік қызметкерлерден күнделікті жалақы ала бастады. Бұл – қажетсіз бастама. Бұл – Қазақстан халқының қоры. Сондықтан оның жұмысын ұзақ бюрократиялық процедураларсыз құру керек. Жұмыс толық ашық болады. Барлық ірі компания пайдалы қайырымдылық қызметімен айналысатын қорға Үкімет белгілеген салық кірісінің пайызын енгізеді. Бизнес қауымдастық бұл бастаманы шын жүректен қолдайды және қорға тиісті жобаны жүзеге асыруға көмектеседі деп сенемін», – деді Президент.

Айта кетейік, «Қазақстан халқы» қорына жыл сайын шамамен 100 миллиард теңге түсетін болады.

Гүлдана ЖҰМАДИНОВА

Бүгінде NEET санатындағы жастар мәселесі қоғамдағы басты оңалық санатында. Себебі олардың қатарының басым болуы мемлекеттегі әлеуметтік ахуалдың төмендеуіне ғана емес, экономикалық көрсеткіштің құлдырауына тікелей әсер етпек. Мамандар да оқуға, жұмыс істеуге, еңбектенуге құлықсыз мұндай азаматтардың келешек өмірі тұрмыс тауқыметі мен отбасы кикілжіңіне толы болатынын айтуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт

жастардың саны қанша?», «Аймақта оларды анықтау жұмысы қалай жүзеге асуда?» деген сауалға жауап іздеген жөн секілді. Себебі Қызылорда облысында да белсенді өмір сүруге ниеті жоқ жастардың саны өскенін жасырын емес.

Бұл бағытта облыстық «Жастар ресурстық орталығында» бірқатар жұмыс қолға алынған. Мәселен, орталық өткен жылы қараша-желтоқсан айында

статустары анықталған болатын. Нәтижесінде әдрестік ұйымдастыру тіпті ұйымдастыру мақсатында мамандар арасында бізден жөн секілді топ құрылып, қала, кент және ауылдық округ жастарынан сауалнамалар алынды, – деді облыстық «Жастар ресурстық орталығының» директоры Асқар Құрманш.

Шынында, өткен жылы бұл

жасақталып, үшінші кезеңде орталық қызметкерлері талдау жұмыстарын жүргізеді. Яғни, саралау арқылы NEET санатындағы азайту, оларды оқыту, еңбекке баулау және т.б. бағыттар бойынша тиісті сапаларға ұсыныстар береді.

Сонымен бірге білім беру ісіндегі озық жетістік – «Серпін» мен «Дипломмен – ауылға» бағдарламалары. Алайда аталған бағдарламалардан жүйелі өзгеріске жол



Тоқаевтың NEET санатындағы жастарды анықтап, статистикасын жылына кем дегенде 1 процентке азайтуға тапсыруының маңызы да осында жатыр.

Расында NEET жастардың үлесін анықтау күрделі жұмыс. Олай дейтініміз жастар арасында өз өміріне деген жауапкершілік аз. Бір ғана мысал, бұл санаттағы азаматтар өздерінің жұмысыз екендіктерін айтып, тиісті мекемелерге тіркелуге құлықсыздық танытуда. Салдарынан бүгінге дейін олардың табысы мен қызметі, әлеуметтік жағдайы туралы толыққанды ақпаратқа қол жеткізу қиындаған. Ал жұмысыз ретінде ресми тіркелмеген адам жұмыссыз болып саналмайтыны тағы бар. Мәселен осындай кемшін тұсы статистикадағы дерек пен нақты жағдайдың арасындағы алшақтықты тудырып отыр.

облыстағы NEET санатындағы азаматтарды анықтау бағытында жүйелі жоспар түзіп, барлық ауданды қамтуға тырысты. Соның негізінде аймақ жастарының әлеуметтік қарсаңын әзірлеп, салаға серпін әкелуді көздеген еді. Тіпті ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің тапсырмасына сәйкес өңірлерде NEET санатындағы жастармен жұмысты жүйелі мақсатында ішкі қайта бөлу есебінен облыстық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің NEET санатындағы жастармен жұмыс жасау бөлімі құрылды. Сондай-ақ Қызылорда қаласы мен 7 аудан орталығында арнайы маман бекітіліп, істің алға жылжуына мүмкіндік туған. Мұның бәрі алғашқы саты саналатын – ақпарат жинау кезеңінің жүгі.

– Өткен жылдың 2-18 маусым айы аралығында облыс бойынша NEET санатындағы жастардың дерекқор базасын жасақтау мақсатында Қызылорда қаласына қарасты 7 ауылдық округте әдрестік жұмыстар бастау алды. Арнайы дайындалған сауалнама арқылы жалпы жастар саны, олардың әлеуметтік

бағыттағы атқарылған жұмыстың қатары мол. Президент пәрменінен соң аймақта да бірқатар шара жүзеге асып, аймақ көлемінде атқарылатын жұмыс нақтыланған болатын. Мысалы, өткен жылдың 29 қыркүйек күні «Облыс әкімдігі жанындағы жастар істері жөніндегі кеңестің» кеңейтілген отырысы өтіп, 2021 жылдың қараша айы «NEET санатындағы жастармен жұмыс жасау айы» ретінде белгіленді. Соған сәйкес 2021 жылғы қараша айының 1-12 аралығында облыс орталығынан барған жетекші мамандардың қатысуымен аудандарда және ауданға қарасты барлық ауылдық округтерде әдресті жұмыстар жалғасын тапкан.

Нәтижесінде де жоқ емес. Бүгінге дейін NEET санатындағы жастарды анықтау мақсатында облыс жастарының 38 процентіне сауалнама жүргізілген. Соның негізінде дерекқор базасы жасақталып, алғашқы кезеңдегі әдрестік жұмыстардың үздіксіз жүруіне жол ашылыпты. Мамандардың сөзінше, 1 наурызға дейін облыс орталығы мен аудан орталықтарында әдрестік жұмыстар жалғасуда.

Аталған жұмыстар аяқталғасын, тиісті дерекқор базасы

қолға алынған. Ол аз десеңіз, фитнес, музыка, би үйрену курстарына баруға да мүмкіндік мол.

Сонымен бірге білім беру ісіндегі озық жетістік – «Серпін» мен «Дипломмен – ауылға» бағдарламалары. Алайда аталған бағдарламалардан жүйелі өзгеріске жол

алған жастардың саны артар емес. Себебі «Серпінмен» оқуға түскен студенттің басым бөлігі 4 жылдан кейін ауылға қайта оралып жатса, «Дипломмен – ауылға» бағдарламасымен дәрігер мен мұғалім мамандығын бітірген жастардан басқасы елді мекенге келуге құлықсыз. Сонымен қатар мемлекеттік бағдарламалардың арасында кеңінен насихатталуы, түсіндірме жұмысын жүргізуі кемшін түсіп жатқанды да жасырын емес. Содан болар, түрлі жобадан қалыс қалған жастар көмекке мұқтаж күйге түседі.

Жалпы NEET санатындағы жастармен жұмысты ұйымдастыруда жаңа әдістерді әзірлеу – мемлекет алдындағы басты міндет. Себебі білімі бар, жұмысы жоқ, ынтыас бар, дипломы жоқ азаматтардың тағдыры әрқилы. Сондықтан әзімдіктер мен жастар ресурстық орталықтарының өкілдері алға қойылған міндетті толық атқарып, белгіленген мекені еңсере алса, жағдайдың оңға басары анық. Оның үстіне талдау кезеңі нәтижесінде ұсынылатын тиімді әдістер де бағыттың болашағына өзгер етеміз. Сондықтан NEET жастарының санын азайту қоғам дамуына жана арнаға баруық.

Берен ШАҒЫРОВ



## NEET: Күтер нәтиже мол

Байқасак, себебі де жоқ емес секілді. Мәнісі – мемлекет тарапынан БАҚ-тың баламасына айналған әлеуметтік желі мен сайттардағы контентті талдау осалдығы, ақпараттық қауіпсіздік деңгейінің төмендігі. Себебі осы оқпалықтың салдарынан елдегі жалған ақпарат, шетелдік теріс саяси идеология, діни жат ағымдардың насихаты интернет-әлемде белең алууда. Тіпті жыл басында орын алған оқиғаның ушығуына галамтордағы жалған ақпарат пен үндеу әсер еткені жасырын емес. Мұның барлығы қоғамның ақпараттық қауіпсіздік тұрасында сауатты болуын қажет еткенін көрсетті. Сөз бостандығы мен ақпарат еркіндігі жайында ой айтарда, аталған

болғанда да интернет күнделікті ақпарат көзіне айналғаны анық. Сондықтан ондағы ақпараттың нақтылығы, құрылымы мен бағыты тұрасында бір сөз ойланып қойған артық етпейді. Себебі әлеуметтік желі мен галамтордан тексерілмеген шікі ақпараттың құрбаны болған қоғам экономикалық-саяси өзгерістерді теріс

саладағы мүдделер қақтығысы мен «жұмсақ күштердің» ниетін қаперге алу маңызды. Демократиялық құндылық, құқықтық даму деген ұранмен әлеуметтік желідегі араңдату, ақпараттық биплкті ұстау ұстау әрекеті байқалатынын көріп жүрміз. Әрине, бұл Қазақстанда ғана білінетін үрдіс емес, дегенмен елдегі ақпараттық шабуылдың көрінісі күдікті ойға жетелейді...

Ғаламтор кеңістігіндегі ақпараттың үлес салмағы дәстүрлі БАҚ-тан әлдеқайда артық екені айтпаса да түсінікті жайт. Осы орайда оқырманның жағдайдың нақтылығы мен дереккөзін дәл беретін дәстүрлі БАҚ-тан алыстап, мәліметті интернеттен іздеуге үйір болуын мамандар түрліше түсіндіреді. Бірі «радио пайда болғаннан кейін газеттердің дәуірі аяқталып, теледидардың пайда болуы газеттер мен радионың жұмысын тоқыратын» деген тұжырым айтса, енді бірі жағдайды технологиялық мүмкіндіктің жаңа сатыға көтерілгенімен байланыстырады. Қалай

қабылдайтын деңгейге өтуі ықтимал. Оның үстіне шетелдік саяси топтар, қаржылық альянстық айналысатын ұйымдардың да араңдату бағытындағы ақпараттық әлеуметтік желіде желдей есіп жүр. Өз кезегінде мұның барлығы ақпараттық қорғанысы әлсіз желі қолданушысын уысына түсіруге талпынатыны сөзсіз. Сондықтан әлемдік қауымдастықтар, мемлекеттер өзіндік ақпараттық қауіпсіздік заңы мен тұжырымдамасын әзірлеп, қауіпсіздіктің жаңа деңгейін қалыптастырып үлгерді.

Қазақстан ақпараттық қауіпсіздік саласында нәтижелі жұмыс істеуде. Мысалы, жақында ақпараттық қауіпсіздік мамандарын даярлау үшін киберполигон құру да жоспарлануда. Ал 2021-2022 жылғы оқу жылында

Соңғы уақытта медиа-қоғам мен интернет-қауымдастық өкілдері Қазақстандағы әлеуметтік желіні пайдалану алгоритмін сынға алғанын жиі естиміз.

# АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?

Соңғы уақытта әлемдегі ақпараттық соғыстың мазмұны сан құбылды. Адамдардың салқынқанды ойлай алмау, ақпаратты тексеруге құлықсыздығы, жалған ақпаратты бөлсуге құмарлығы жағдайды шиеленістіре түсуде. Әрбір желі қолданушысы өзіне келген мәліметті талдап, таратар алдында дұрыстығы мен мәнін түсінер болса, жағдай анағұрлым оңалар еді. Осы тұста жергілікті медиа-тренер, цифрлы қауіпсіздік саласының маманы

маңыз беріңіз. Сіз әлеуметтік желіде қолданушының жазбасын көп оқысаңыз, көзқарасыңыз сол кісімен шамалас болатынын ұмытпау керек. Қаншалықты объективті ойлау дағдысы қалыптасқан адам болсаңыз да, күндердің күнінде сол кісіден үздіксіз естіген ақпараттың құрбаны боласыз. Егер олар ақ түсті қара десе, уақыт өте сіз де ақ түсті қара деп қабылдауыңыз бек мүмкін. Әрине, бұл символикалық мысал. Сондықтан ақпараттық кеңістікке мен беру абзал. Екіншіден, көз келген жаңалықты бөлсуге асықпаңыз. Әрбір өбден елеп-екшеп, шыңдығына көз жеткізу керек. Мұнымен шектелмей, әлеуметтік желіде пікір білдіріп, ақпарат таратарда «бұл ақпарат қоғам мен ел тыныштығын бұзбай ма?» деген

Ерболот Тұрсынқожаға «әлеуметтік желі мен галамторда өзіндік қауіпсіздік сезінудің қандай жолы бар?» деген сауал жолдаған едік. Маман желі қолданушысына қажетті құнды пікірмен бөлісті: «Халық үшін интернет, әлеуметтік желілер ең қолайлы коммуникация құралына айналды. Десе де, қазақ қоғамында мұндағы ақпараттың теріс немесе пайдалы-пайдасыз екенін саралайтын иммунитет қалыптасып үлгермеді. Әрине, бұл бағамдау қабілеті әр азаматта әртүрлі деңгейде болғанымен, әрбірі ие болу қажет дағды. Себебі, әлемде ақпараттық майдан жүруде. Түрлі мәдени ықпал, саяси өзгеріс адамдарды неге сендірісі келсе, сол бағытта ақпарат тарату арқылы ойға алған мақсатын орындауда. Ал бұл құрыққа түспеу үшін бірнеше кеңеске құлақ асса жеткілікті. Ең бірінші, ақпараттық кеңістігіңіздің мазмұнына

сауалға жауап іздеу шарт. Себебі алауыздықты тудыратын әрекет жазасыз қалмайды. Мәселен, бірнеше жыл бұрын Атырау қаласының тұрғыны әлеуметтік желідегі «сәйілігі» үшін 1 жылға бас бостандығынан шектелгені бар. Оның айыбы Facebook желісінде лаңкестік ұйымның ақпаратын өзінің парақшасына бөлісіп, тақырыбына «ойланып тұрған» белгі қалдырған екен. Сондықтан әлеуметтік желідегі ақпаратпен бөлісу, пікір білдіруге бей-жай қарауға болмайды», – дейді маман.

**P.S. Бүгінде әлеуметтік желі қоғамның байланыс ғана емес, ақпарат көзіне де айналған шақта бақылаудың күшейгені түсінікті. Алдада ақпараттық қауіпсіздік бағытына арғылғы орнамайды. Ол әрбір азаматтың жауапкершілігі мен әлеуметтік желі этикасы, галамторды қолдану сауаты нәтижесінде орын алмақ.**

Берен ШАҒЫПОВ



Қаланың ажары оның қаралаймын тұрғынынан бастап, келген мейманға да маңызды. Заманға сай болуы шарт. Бұл туралы бір ғана «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында толыққанды қамтылған. Оның аясында әрбір қаланың цифрландыру жұмыстары қолға алынды, дәлірек айтқанда «Smart city» бағдарламасын жүзеге асыру басталды. Бағдарлама Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент секілді ірі мегаполистерді ғана емес, әлемдік деңгейдегі «ақылды басқаруға арналған» жобаларды жүзеге әкелуге негізделген. Алдымен осы әлемдік деңгейдегі «смарт-қалалардың» тізімін таразыласақ, Алдыңғы қатарға Сингапур мемлекеті – көлік «көптелісі жоқ қала» деген ұғыммен орналасқан. Копенгаген – «интеллектуалды қала» концепциясы бойынша шоғырланған. Қоғамдық көлік қатынасының дамуы жөнінен Швеция алда тұрғаны белгілі. Елімізде де даму бар. Біздің қалада да «ақылды басқару» жүйесі бойынша жобалар жүзгілікті. Облыстық цифрлық технологиялар басқармасының «Ақпараттық технологиялар орталығы» КММ-нің директоры Сәбит Ибадуллаевтың пікірінде толығырақ.

– Облыста «Ақылды» қалалардың эталондық стандарты аясында 11 бағыт бойынша (білім беру, денсаулық сақтау, қауіпсіздік, «қалаларды басқару», қоршаған ортаны қорғау, бизнесті дамыту және туризм, ауыл шаруашылығы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық) жұмыс жүргізілді. Бүгінгі таңда облыстағы білім беру саласында 295 мектеп «Қазақтелеком» және «Транстелеком» байланыс операторларының арналары арқылы интернет желісіне қосылған. 276 мектеп Wi-Fi нүктелерімен және маршрутизаторлармен қамтамасыз етілген. Қазір мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарында балалардың қауіпсіздігін арттыру және кәсіптік тәлімгерлер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Қауіпсіз мектеп» жобасы жүзеге асырылуда. Сондай-ақ өткен жылы облыстық бюджеттен 35 мектепті бейне-бақылау камераларымен жабдықтау-



цифрлы шешімдер мен талантты мамандарды іздеуді мақсат қылды. Осымен

## «АҚЫЛДЫ ҚАЛАНЫҢ» АРТЫҚШЫЛЫҒЫ


ға қаражат бөлінді. Денсаулық сақтау саласында аудан деңгейіне дейінгі және аудан деңгейінен төмен барлық медициналық ұйымдар компьютерлік техникамен 100% және интернетпен 4 Мб/с кем емес қамтамасыз етілген. «Даму-мед» жүйесі арқылы электронды түрде жазылу 74%-ға орындалды, – дейді С. Ибадуллаев. «Ақпараттық технологиялар орталығының» ұйымдастыруымен жыл сайын IT жобаларды қолдау, дамыту, нарыққа шығару бағытында түрлі шаралар ұйымдастырылатынын да айту керек. Өткен жылы «Smart city Kyzylorda», «Hackathon» байқауы және «Inno.Fest Kyzylorda» инновациялық жобалар фестивалі өткізілген. Қараша айында ұйымдастырылған «Hackathon» байқауы Start-Up жобаларды,

үшінші рет өткізілген байқауға Қызылордадан қатар басқа да облыстардан келген жастардың 100-ден аса жобасы тіркелді. Қатысушылар қатарында IT-мамандар, студенттер мен оқушылар, өзге де мамандық иелері бар. Олардың жобалары түрлі тақырыптарды қамтыған. Ал «Inno.Fest Kyzylorda» инновациялық идеялар фестивалі «Ақпараттық технологиялар», «Контент және Медиа», «Кино және видео», «Smart Kyzylorda» секциялары бойынша 24 сағат ішінде идеялар прототипке дейін жобаны әзірлеуді ұсынған. Фестиваль жайында және тақырып төңірегінде креативті жас, «Asian Films» студиясының директоры Жасулан Алдабергенов «Басқа елді мекендермен салыстырғанда біздің өңірдің «ақылды дамуында»

айырмашылық бар. «Цифрландыру, ғылым және инновация арқылы технологиялық серпініс» ұлттық жобасы және «Ақылды қалалардың» эталондық стандарты аясында бірқатар жоба жүзеге асырылуда және биыл аталған жұмыстар жалғасын табады деген сенімдеміз» деген пікір айтады. «Ақылды басқару», яғни смарт-емхана, смарт-мектеп, смарт-билеттер, смарт-төлемдер, смарт-көшені жарықтандыру, тұрғынның бірінші қартасы, қауіпсіз қала секілді заманауи ұғымдар қазіргі таңда өз тиімділігін көрсетіп отырғаны бар. Оны күнделікті өмірде байқап жүрміз және алдағы уақытта да осы бағыттағы бастамалар қала тынысына жаңа дем берген сенім бар.

Гүлжанат ҚАДЫРБЕКОВА

# КОРОНАВИРУС & ОМИКРОН: АЙЫРМА НЕДЕ?



сұхбатында келесідей ақпаратпен бөліскен: – Омикрон штаммының контагезділігі жоғары. Контагездік дегеніміз – инфекцияның адамнан адамға жұғу қасиеті, яғни омикрон штаммының дельта штамға қарағанда жұқпалылығы 7 есе жоғары. Инкубациялық кезеңі басқа штамдарға қарағанда аз уақытты құрайды, орта есеппен 2-5 күн аралығы, – дейді дәрігер.

Мамандардың айтуынша, коронавирусқа қарағанда індеттің бұл түрі аса қауіпті болмағанмен көз ілесес шашаңдықпен таралуда. Жалпы әлсіздік, тамақтың ашуы, дене қызуының көтерілуі, дененің қаспап ауыруы мен құрғақ жөтел омикронның негізгі сипаттамалары, бірақ бұл вирус науқасты іс пен дем сезуден қалдырмайды. Бұл туралы дәрігер Арайлым Сайлыбай отандық басылымға берген

Осы кезге дейінгі белгілі болған ақпараттарға сүйенсек, вирустың жаңа түрінің шығу «тарихі» келесідей. Оңтүстік Африка республикасының Инновациялар және эпидемиология кұрес орталығының ғалымдары жеке зертханалармен бірлесе қараша айында алынған сынамадан SARS-CoV-2 жаңа нұсқасын анықтап, 24 қарашада ОАР үкіметі бұл туралы ресми түрде хабарлады. Жаңа штампын техникалық атауы – «B.1.1.529». Алғаш анықталған үлгілерді GISAID базасына жүктегенде ұқсас вирус Оңтүстік Африкадан келген Гонконгтегі науқастан табылған. Оның құрамында алыстан астам мутация болған, оның 32-сі – S ақуызда орналасқан. Басқа нұсқаларға қарағанда мутация көп болған соң омикронның тез таралуынан қауіп жоғары. Себебі оның өзгеріні мен антиденелерге қарсыласу қабілеті жоғары болуы мүмкін. Мамандардың мәліметінше, көбіне вирус 20-30 жас аралығындағы азаматтарға жұғады. Одан бөлек осы штаммен ауырып

шыққан азаматтарға қайта жұғу қаупі бар. Осындай сын сөтте халықтың дәрігер көмегіне жиі жүгінугі қалыпты жағдай. Ал дәрігерлердің басты айтар кенесі, аурудың алдын алу үшін дұрыс тамақтану, жеке бас гигиенасын сақтау және екпе салдыру қажет. Мүмкіндігінше көпшілік орындарға бара бермеген дұрыс, өйтсе де қоғамдық ортада қызмет ететін мамандар барынша маскалық режимді сақтап, қолды жиі антисептикпен дезинфекциялағаны жөн. «Омикронның» белгілері тұмауға ұқсас, сондықтан бұл вирус кезінде де сұйықтықты жиі ішкен абзал. Егер науқастың температурасы жоғарылап, ауру белгілері білінесе алдымен қызуды түсіру қажет. Мұндай сөтте барынша адамдардан оқшаулауны, мүмкіндік болса жатып демалғаны дұрыс дейді дәрігерлер. Бұрын коронавируспен ауырсаңыз, омикрон жұқпайды деген сөз емес. Сондықтан мамандар бойыншадан ауру белгілері байқалса дереу дәрігерге қаралуды ескертеді. Тағы бір ескертін жайт, қазір вирустың өршуіне байланысты елде жедел жәрдем шақырушылар көбейген. Бұл туралы ҚР ДСМ Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің төрағасы Айжан

Есмағамбетова келесідей мәлімдеме жасады. – Бүгінде бізде 3 мыңға жуық мобильді топ бар. Омикронның таралуына байланысты алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарының жүктемесі артты. Жағдайға сәйкес, олардың жұмыс жоспары қайта қаралып, колл-орталықтар тәулік бойы қызмет етуде. Алдағы уақытта жүктеме артатын болса, 1600 қосымша мобильді бригада резервте тұр, – дейді ол. Облыстағы ахуалға ойысас. Әңірде санитарлық эпидемиологиялық ахуал біршама тұрақталды десек те, өңір әлі де «қызыл аймақта». Сондықтан сақтық шараларына сақтық қарауға ерте. Індет таралғалы бері коронавируспен инфекциясымен 23 019 науқас тіркелген. Облыс бойынша инфекциялық стационарда 368 науқас, реанимациялық төсек-орында 23 науқас ем қабылдауда. Бұл туралы облыстағы эпидемиологиялық жағдайды баяндаған баспасөз брифингінде айтылды. – Өздеріңізге белгілі, індетті ауыздықтар бір ғана жол бар, ол – вакцинация. Қызылорда облысы бойынша вакцинациялау жұмыстары өткен жылдың ақпан

айында басталды. Қазір облыс азаматтарын вакцинациялау жұмыстары жалғасын табуда. Бүгінгі таңда аймақтағы КВИ-ға қарсы иммунитет науқанына 106 екпе кабинеті, оның ішінде аудандарда 91 кабинет тартылған. Бұдан басқа шалғайдағы ауылдық аудандарда, ұйымдасқан ұжымдарда, адамдар көп жиналатын жерлер (ірі сауда ойын-сауық орталықтары, базарлар және басқалары) КВИ-ға қарсы вакцинациялау жүргізу үшін оқытылған медициналық персоналмен және арнайы тоңазытқыш жабдығымен жасақталған. Облыста вакцинацияның егіндері саны – 419 057, халықтың қамтылуы 92,6 пайызды құрады. Екінші компонентпен – 397 170 адам (87,8 пайыз), «Пфайзер» вакцинасымен 22 333 адам қамтылды, – деді облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жангелді Мырзагелдіұлы. Айта кетейік, бүгінде дейін 39 537 адам вакцинациядан өткен. Соның ішінде 1265 тұрғын «Пфайзер» вакцинасымен қайта егілген. Соңғы мәліметтерге

қарағанда ДСМ бөлінісіне сәйкес, 8000 доза «Спутник лайт» вакцинасы жеткізілген. Қазір облыс бойынша 20 медициналық мекемеде (соның ішінде қала бойынша – 11, аудан бойынша – 9 медициналық мекеме) коронавирус инфекциясына қарсы егу жұмыстары сағат 09.00-18.00 аралығында үзіліссіз жүргізілуде. ҚР және аймақтың Бас санитарлық дәрігерінің жаңа қаулысы бойынша оқу форматында да өзгеріс бар. Енді вакцина қабылдаған студенттердің колледж қабырғасында отырып білім алуына рұқсат. 24 қантардан бастап аймағымыздағы 30 колледждегі 19 692 студент үшін академиялық күнтізбеге қарай екінші семестр басталды. Бұдан бөлек, аймақтағы 322 мектептің қалалық елді мекендерде орналасқан 50 мектебіндегі 3-11 сыныптардағы 55 365 оқушы немесе 31%-ы онлайн форматта, қалған 272 мектептегі 1-11 сыныптар аралығындағы 121 406 оқушы немесе 69%-ы оқуды дәстүрлі форматта оқып жатыр.

Г.НҰРТАЙҚЫЗЫ

**Ұстаздың жұмысы оңай емес. Өсіресе оның өсері карантинде байқалды. Ал мүлкісі бар баламен жұмыстың екі есе жауапкершілігі бар. Ол асқан шыдамдылықты, төзімділікті қажет етеді. Себебі олардың жанына үңіліп, тіл табысу, өзiне жақын тарту маңызды рөл атқарады. Кезекті кейіпкеріміз Әйгерім Базарова бұл үдеден толықтай шыққан. Бүгінде ол облыстық психологиялық денсаулық орталығында көбімізге таңсық олигофренопедагог қызметін атқарады.**

– Бүгінде 26 бала ем алуда. Басым көпшілігі ақыл-өсі даму жағынан кейін қалған балғындар. Ем алушылармен жан-жақты жұмыс істейміз. Ең басты мақсат оларға көмек көрсету. Бір айта кетерлігі, балалармен диагнозына және психикалық-психологиялық ерекшеліктеріне қарай жұмыс жүргізіледі. Алдағы уақытқа жоспар көп. Түрлі пайдалы шара ұйымдастыру ойымда бар, – дейді Әйгерім Базарова. Жас маман ем алушыларға оқу мен жазуды үйретіп, логикалық есеп шығаруға машықтандырады. Сонымен қатар балалардың ойлау жүйесін дамытуға септігін тигізетін қызықты ойындар ұйымдастырады.

Толығырақ тарқатсақ, олигофренопедагогикада келесідейдей зерттеу әдістері қолданылады. Бақылау, әңгімелеу, балалардың өнімділік қызметін зерттеу. Бақылаудың жазбалары жүргізіледі, алынған ақпараттар өңделеді. Ал әңгімелесу алдында жоспарланған сұрақтар бойынша жүреді. Анкета бойынша жалпы ақпараттар жинақталады. Балалардың ойлау жүйесін дамытуда ойындар ұйымдастырудың көмегі көп. Олармен бірге

## ОЛИГОФРЕНОПЕДАГОГИКА. БҰЛ ЖАЙЛЫ НЕ БІЛЕСІЗ?



түсінікті. Балалардың арнайы мүмкіндіктерін, ерекшеліктерін ескере отырып, басқа мамандармен (психиатр, психолог, логопед, дефектолог) байланыс жасап, коррекциялық оқыту жұмыстарын ұйымдастыру назарда болуы тиіс. – Біздегі балалардың көбісі оқу-жазуды біле бермейді. Бәрін жаңадан бастап үйретпеймін. Ем алуға келгендіктен қай нәрсеге икемі бар, соған көбірек мән береміз. Мәселен, біреуі есеп шығаруға, біреуі шығармашылықпен айналысуға икемді болады. Кейбірі оқуға, сурет салуға жақын. Сол ерекшелікке қарай жұмыс істеймін. Қалыпты балаларға қарағанда тез шаршап қалады, зейіні тез бөлініп кететін болған

соң логопед, психолог секілді мамандармен байланысып жұмыс істейміз. Бұл балалар бізге дейін арнайы балабақшаларға, интернат мектептерге барған, кейбірі эксклюзивті білім бағдарламасын пайдаланып, мектептен бөлек уақытта баланы дамытатын орталықтарда білім алған. Ол орталықтарда олардың ақыл-ойын, танымын дамытатын, қоршаған ортаға бейімдейтін мамандар жұмыс істейді. Бізге түскен балалардың диагнозы, жас ерекшелігі әртүрлі болады. Сондықтан интернат, қосалқы мектептердегідей тұрақты арнайы бағдарлама болмайды. Интернаттарда олар 8.1 деген секілді мектеп бағдарламасымен оқиды. Жоғарыда айтып өткенімдей, әр бағытта әртүрлі. Балалардың жандуынысын түсінуге көп уақыт кететін шығар. Бірақ не нәрсеге қызығушылығы барын анықтау, соған бейімдеу білудің рөлі зор, – дейді Әйгерім.

Мәлдір САБЫРЖАН

Марат Өтепханұлы. Бойы – бір метр алпыс сантиметр. Түрі ақсары. Сәт көк. Беті тырналған болуы мүмкін.

Оның аты-жөні мен тұр-түсі иығына погон таққан полиция атаулының жадында жатталып қалған. Әрбір патрульдің қолында оның фотосы. Жедел топтың шалт қимылы арқасында көп ұзамай агенттердің бірінен хабар жетті. Дария жақта Приречная деген көшедегі бесқабатты жалғыз үйдің жертелесінде тығылып жатыр-мыс. Жедел уәкілдер сол маңды торуылдап, хабардың анық екеніне көз жеткізген-ді, бірақ сол күні-ақ күдікті ізін суытып үлгеріпті. Қайтып ол маңға жоламай қойғаны. Жер жұтқандай ізім-қайым.

Алайда полиция тарапынан іздегісі, тексеру бір сәтке толастамады. Қаладан шығып кетуі мүмкін деген күдікпен облыс бойынша тексеріс күшейген. Арада аттай екі апта уақыт өтіп кетіпті. Қалалық ішкі істер бөлімі патрульдік тексерісті сонда да саябырсытқан емес. Қылмыскер не де болса, қала ішінде. Тығылып жатыр. Бір күні болмаса, бір күні құлағы қылтиятыны анық. Полиция біткеннің арманы соны ұстау. Сержанттар Рүстемов пен Савинников те солай. Қантардың 13-інен 14-іне қараған түні олар Панфилов көшесін бойлап, жүргінші жұртқа назар салып келе жатты. Жапалақтап қар жауып тұрған. Күн жылы. Аязы, сірә, ертең.

Сол сәт алдынан шыға келген бозбала бұларды көре сала, бір жағына тайқып, жылыстап ала жөнелісі. Сержанттар оның бұл қылығынан күдіктеніп, соңына түсті. Анық жалтан-жатқан артына қарап қойып, жүрісін жылдамдатып, дөкейт барарды. Сірә, ұсақ қарманшкітердің бірі болар. Әлде құлақшын алқа қашатындардың сорты ма? Үйді айнала бере тұра қашты. Екі сержант екі жақтап қуып берген. Қойсын ба? Бұрышқа қамап ұстап, қолын қайырып, машинаға алып келді. Сөйтсе, құрықтағандары – Марат Өтепханұлы. Жігіт өңкент табылмай іздеуде жүрген адам. Бұл туралы ҚІБ бастығы Максұт Ыбырайханұлына дереу хабарланды. Іле-шала Тастемір Сауранбайұлы да құлағдар болып үлгерді.

Жолсоқтық боп келе жатса да көңілді. Енді ше, сот-биологиялық сараптама өзінің ойлағанындай болды да қойды. Әрі тез жасап бергені айғасын. Сараптама қорытындысы қолына тиісімен Алматы Ақтөбе пойызына шығып кеткен. Тәулік бойы вагонда тербеліп, Қызылордаға түскені жаңа. Темір жол бекетінде немірі бірінші автобус дайын тұр екен, соған отырып, басқарма гимаратына келді. Бақыт Қайырқешқызы жұмыстан келе қоймапты, бұның сәлемін алар-алмастан: – Экспертиза не болды? – деді. Алматыдағы сараптамаға кеткен Бақытханның оралуын асыға күткені жүзінен анағрылып тұр. Бұл жауап берудің орнына сараптама қорытындысы жазылған қағазды портфелінен суырып алып, қолына ұстап қойсын. Қағазға асығыс көз жұрткен Бақыт Қайырқешқызының жанары жалт етіп, күліп жіберді. – Тамаша! – Осымен-ақ істі бітіре салуға болады сияқты. Десе де, сол айтқанына өзі ұялыш тапқан. Өлім жазасына кесілуге тиісті айықкерге бұл айғақтың тым азық ететінін білмейді емес. Біледі ғой. Бақыт Қайырқешқызы оның бұл сөзіне мән бермей: – Бізде әлі алтын алқа

бар ғой. Соны анықтайық, – деді. Бақытхан Төлегенұлы үйге қайтып келе жатып, үзілген алтын алқа туралы ойға кетсін. «Қыздардың алқасы емес. Ата-аналары, туған туысқандары солай деп отыр. Пәтер иесі

– Сол үйге түнде сен барыпсың. – Барғам жоқ. – Бармасаң неге тығыласың? – Айттым ғой, біреуге қарызым деп. Өтепханұлымен алғашқы түнгі сурақ-жауап осылай өрбіген. Келесі күні күндіз жауапқа тағы да

жылады. Тоқтай алмады. – Мен қателестім... мен мастықпен есімді білмей қалпын... – деп еніреді. Бақыт Қайырқешқызы мен Бақытхан Төлегенұлы оны жұбатпады. Көкірегің әбден босатып алуын тосып, соның күтті.

ұйқытайды, а? Жанғайып жатқан күйі көрпе астына сұққан қолы Бағдаттың бұлтиған кеудесін тапты. Сол сәт қыз белкі етіп оянып кетіп, бүлкынып берсін. Айқайлауға үлгерпей, кеудесіне мініп алып, аузын алақанымен жаба қойды. Тынышталма деп еді, анау қолың емес, «жат тыныш... өлтірем» деді құлағына сыбырлап. Сол қолы қыздың аузында, екінші



Нұрлыбек САМАТҰЛЫ, республикалық «Таң-Шолпан» әдеби-көркем, көпшілік журналының бас редакторы. ҚР Мәдениет саласының үздігі

Әмірбек ШАЙМАҒАМБЕТОВ, Полиция полковнигі. «ҚР Ішкі істер органдарының Құрметті қызметкері»

# ТӨРТ ҚЫЗДЫҢ ТРАГЕДИЯСЫ

деректі детективті әңгіме

әкелінді. Өңінде қан-сөл жоқ, құлқу болып бозарып отыр. Жақ жүні үрліп кеткен. Бағдат туралы айтыр? – Бағдат... Бағдат па... – Әдемі қыз ғой. – Әдемі шығар. – Мәдинаға еріп келген қызды танысқой ғой? – Қай қыз? Білмеймін кімді айтып отырғаныңызды. – «Қыз жібек» кафеесін есіне түсір. – О жақта қыздар көп болды. – Неше қыз? – Өйтеуір көп. – Жүз қыз болды ма? – Одан аз шығар. – «Қыз жібек» Мәдина болған. Соның қасындағы қыз. – Алмағұл ма? Танимын. – Жаңа білмеймін деп едің ғой? Өтепханұлы үңдей алмай қалды. – Бағдат сүйкімді қыз. Жгіттер қызықса қызығатанды ғой. Иә, оны осымен... Сол күні кімдермен қанша ішкенін біртіндеп есіне түсірді. Тергеуші есептегі келе: – Жеті жүз грамм ішіпсің. Мысалы мен үш жүз грамм ішсем аяқпәуір бол қалам. Сен қайта... маладес, – деді тергеуші Бақытхан басын шайқап. Оның аузына арақ тисе төбелес іздейді дегенді есіне алды. – Ішіп алып төбелестің жер. – Таяқ жеп қалдым. – Бөлмеде бірінші кім жатты? Алмағұл ма, әлде Мәдина ма? Ұйықтағанда. Есіне түсірші. – Бірінші Мәдина... Өтепханұлы осыны айтып, тілін тістей алды. – Маратжан, айналайын, жас кезде адамның бәрі қателеседі. Бәріміз де жас болдық, бәріміз де қателестік. Сен де жасың, қателессен, қателескен шығарсың. Біз саған көмектескіміз келеді. Оперлерге сол үшін бермей отырмыз. Оперлер сенімен біз сияқты сөйлеспейді. Олар сені сарайтады. Өйтп қинап не керек, біз бәрін біліп отырмыз. Біреуге қарыз ем, содан қашып жүрмін дегенді қой. Ол бос әңгіме. Кімге қарысың деп сурағым да келмейді. Сұрасам айта аласың ба? Айта алмайсың. Одан да шындыққа кел, уақытты сөзбай өзін мойындасан, жазан жеңілдеу болады. Сенің оларға қастығың болған жоқ қой. Мастықпен білмей қалдың ғой, – деді Бақыт Қайырқешқызы. Өтепханұлы басы салырап, бірауыз үнсіз қалды да, кенет солқылдап жылап жіберді. Иығы селкілдеп, әуелі үнсіз

қай уақытта ұрғаны есінде емес. Жанында Рома, Роман Телляков бірге келе жатты. Жанжалдасқан жігіттерден таяқ жеп қалғанын біледі. Іші қазандай қайнайтыны содан. Кек алмай қалай тынышды? Тыныш жоқ қой. Олардың бетін бір қайырса, Қанат досы ғана қайырар еді. Осы оймен 62-інші пәтерге алқынып жеткен. Алқынып жетсе де, есін тез жиіп, есікті ақырын тықылдатты. «Бү кім?» деген дауыс шықты іштен. «Мен, Марат!» Қанат жоқ. Бүгін келмейді!» «Келем деген. Ашыңызшы!» – Иә, иә, ұйықтаймын. Тықырлата бермеймін, – деді бұл басын шұлғып. Қыздар жатқан залдың төрінде екі есік – екі жатын бөлме. Мәдина нұсқаған сол жақтағысына бұрыла беріп қаз-қатар тізіліп жатқан қыздарға көзін салып өтті. Мәдина бергі шетке қисайыпты. Диванға сылқ құлаған бойда, көзі ілініп бара жатты да, селк етіп оянып, кезін ашып алды. Рома есіне түскен-ді. «Кетпей, күтіп жүр ме екен? Жоқ, ол күтпейді. Қанаттан қорқарды ол. Кетіп қалған шығар. Кетсің! Барсың! Құрысын!» Бағдатты ойлады. Әдемі қыз. Бұрын қалай байқамаған. Бағана маған қарап жымиды ғо... Орнынан жылдам тұрып, есікке таяу барды. Аяғының ұшымен басып, тықырлатпай жүруге тырысқан, бірақ бір жағына ауып кетіп, қабырғаны сүзіп өтті. Құлағын төсеп, тың тыңдады. Тым-тырыс. Бәрі ұйқыда. Оның кетсе су ішуге бара жатырмын дей қисайып деп ойлады. Елпен басып, ас бөлмеге өтті. Су ішті. Су ішіп тұрып есіне Бағдатты алды. Тесегі төрде екені есінде. Жанына барып жата тұрайын. Бағана маған қарап күлді ғой... Есіл-дертін шырмал алған осы ой шыдаптай оны Бағдатқа қарай итермелей берді. Кухняға кеше жарығы өлімсіреп жетіп тұр. Қыздар жатқан бөлме олай емес, қараңғы. Ас бөлмеде қолына пышақ ұстай шықты. Неге алды? Білмейді. Мастығы тарқамаған. Қабырғаны сүйкеп бағдатқа жетті. Жанына қисайып, аз-кем тың-тыңдады. Қызық. Қыздар қалай тым-тырыс

қолындағы пышақты алқымына батыра тіреді. Қыз болса, босап кеткісі келіп, басын шайқай берді. Сол сәт есік жақтан «Эй, не істеп жатысың?» деген ашы айқай шаңқ етіп оқис шықсын. Осы айқай талай бойындағы долы мінезін оятып жіберіп, еңесін тіктеп алды. Өзіне қарай қабыланша атылған қарайғанға жан дәрмен пышақ сілтеп қалды. Қара қабылан жығылып түсті. Тақымның астында бұлқынып жатқан тазы боп сөзілген. Тынышты қынсылап, шенгелін салып ауызысы тырналап жатыр. Босап кетсе талап тастары анық. Жанталасып басынан аға беріпті, ұра беріпті. Ол қимылсыз қалып еді, жанына қарауытқан өлдене жақын кеп қалғанын байқады. Жағасынан ала кетіп, баспен соқты. Өзінің де көзінен ұшқан төгіліп, шөгіп отыра кеткен екен, дәл жанынан шыңғыран тосын дауыстан шошынып, басы шыр көбелек айналып ала жөнелісі. Бір бүйірге қисайып құлап бара жатып қолына былт етіп, әлдене ілікті. Соны ала салып, шыңғырып жатқан түсінісіз мақұлықты үстіне жығыла кетті. Оның қалжасы шағын көрінді, бірер әңсіз бұлқынып барып тынышты. Одан арысы бұлтыңыр. Бір мезгілде есін жасып, бет-аузы дуылдан ашып барады. Оң қолының алақаны да шым-шым сыздайды. Өзінің қайда жатқанын білмей, бірауыз аңтарылып, түкті де түсіңбей отырып қалды. Басы істеп тұрған жоқ. Жан-жағына үңіліп қараса, мәссаған... шошып кетті. Қанаттың үйі Сипалап жүріп түймені тапты да, сырт еткізіп еді, жарық жанбады. Қалтасында газды шақпақ бары еске түскені ол кері. Шамақтың жыланқез жарығын жағып кеп қалғанда Бағдаттың қан-жоса болған бетін көрді. Көзі аларып қатып қалыпты. Жүрегі шаңшып өтті. Сасқалақтап, айналдыра түсірген жарығы ар қыздың жүзіне бір-бір аялдайды. Көкірегі суынып бара жатты. Өліп қалған. Бәрі. Төртеу де. Өзінің де үсті-басы қан-қан. Төбе шашы тік тұрды. «Қанат өлтіреді! Турап тастайды!» Басына алғаш келгені осы ой. Арақ итсе есінен танып қалғанысы бұл бір емес, талай болған. Талай рет төбелес шығарған, талай рет өзі де өліп қала жаздаған. Ақыры мынау... Қайтерін білмей, ақұлы алжасып, можиып отырып қалыпты. Таң жақын қалғанын терезеден байқалған бозамық сәуледен анағаранда ғана бұл арадан қарасын тезірек батыру керігін ұққан.

(Басы өткен санда. Жалғасы бар)

### БЕС СПОРТ КЕШЕНІ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ



Облыста жекеменшік әріптестік аясында спорт кешендері салынып, олардың саны еселеп артууда. Мемлекет тарапынан да қаржы бөлініп, биыл бес спорт кешені пайдалануға беріледі. Бұл туралы облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Асылжан Жаманқұл хабарлады.

— Алда атқарылатын шаруа көп. Қазір ең бірінші мәселе — жан басына шаққандағы қаржыландыруды ұйымдастыру. Бұл бойынша облыс әкімі спорт саласына қолдау көрсетіп, қаржы мәселесі шешілді. Сондай-ақ бөлігінен қаржы арқылы бұқаралық спортты дамытып, оған жасөспірімдер мен жастарды тартымыз,— деді басқарма басшысы.

Жалпы облыста бұқаралық спортты дамыту мақсатында 1322 шара өтіп, оған 120 мыңнан аса адам белсенді қатысты. «1000 адамға арналған спорттық алаңдар» санының көрсеткіші бойынша өткен жылдың қорытындысы 40,8 пайызды құраған.

### ҚАЗАЛЫДА ҚЫЗДАР КЛУБЫ АШЫЛАДЫ



«Қайсар» футбол орталығының жанынан Қазалы ауданында қыздар футболы қолға алынады. 2009-2010 жылы туған қыздар алаоп өліппесін үйреніп, Қазақстан кәсіпқой лигасының регламентіне сәйкес футбол орталықтары мен академиялар арасындағы біріншілікте бақ сынайды.

— Балалармен жасөспірім футболын дамыту маңызды. Ауыл-ауданды балаларды да назардан тыс қалдырмау керек. Жалпы қыздар футболын Қазалы ауданынан ашудың өзіңдік себебі бар. Қазалыда Қазалы қыздар футболына сұраныс жоғары. Ауданның түлегі, Қазақстан құрамасының ойыншысы Құндыз Қожамбет бүгінде облыс мақтанышына айналды отыр. Жаңа филиалдан Құндыздың жолын жалғар шебер футболшылар түлеп ушады деген сенім мол, — деді клуб директоры Жағыпар Жұмағметов.

Айта кетейік, жаттықтырушы — Өлшір Қауымбаев.


### СЕКСЕН ЕКІ ЖОЛДАМА ЖЕҢІП АЛДЫ



Қазақстандық атлеттер спорттың 8 түрінен 82 жолдамға қол жеткізді. 32 спортшы шаңғы жарысы бойынша 30, фристайлшылар тоғыз жолдаманы қоржына салды. Соның ішінде могул бойынша — 5, акробатика бойынша 4 жолдамға бар. Қонқышшылар мен биатлоншылар — 12, шорт-трекшілер тоғыз жолдаманы иеленді. Туз шығысы мен шаңғымен тұрғыдан секіру спортпен де құрамалары төрт жолдамдан еңшілесе, шаңғы қосаяйсынан отандық спортшылар екі лицензияға иелік етті.

Қазақстан құрамасы бүгін чартерлік рейспен Нұр-Сұлтаннан Алматы арқылы Бейжіңге аттанады. Қысқы Олимпиада ойындары 4 ақпан күні басталады және төрт жылдықтан басты бәсекесінде спорттың 15 түрі бойынша 109 медаль жиынтығы саралқа салынады.

### «QAZSPORT» ТЕЛЕАРНАСЫНДА — «EURO-2022»



19 қаңтармен 6 ақпан аралығында 2022 жылғы футболдан Еуропа чемпионаты Нидерландыда өтеді. Бұл жолғы додада алғаш рет 16 құрама бақ сынайды. Сонымен қатар УЕФА шешімі бойынша ЕУРО чемпионаты төрт жылда бір рет өткізіледі. Естеріңізге сала кетейік, Қазақстан құрамасы В тобында Италия, Словения, Финляндиямен бірге бақ сынайды.

«Qazsport» арнасында тікелей эфирде өтетін Қазақстан құрамасының жарыс кестесі: 20 қаңтар, 22:30. Қазақстан — Словения; 25 қаңтар, 01:30. Финляндия — Қазақстан; 28 қаңтар, 22:30. Қазақстан — Италия; 4 ақпан — Жартылай финал; 6 ақпан — Финалдық бәсеке. Online трансляцияны qazsporttv.kz ресми сайты мен «Qazqstan.tv» мобильді қосымшасы арқылы онлайн тамашалауға мүмкіндік бар.

Ұлттық Олимпиадалық комитет 2022 жылғы Бейжің ойындарына арналған Қазақстан командасының формасын көпшілік назарына ұсынды. Алғаш рет

экипировкадағы ел атауы қазақ тілінде «Qazaqstan» болып жазылды. Олимпиадалық командаға арналған спорттық форманы қазақстандық ZIBROO компаниясы шығарған.

# ЖАНКҮЙЕР ЖЕҢІС КҮТЕДІ

«ЕҢ СТИЛДІ КОМАНДА» Шеруеге арналған коллекцияны ресейлік дизайнер SHISHIN брендинің негізін қалаушы Дмитрий Шихин дайындаған. Екі өндіруші ең жоғары талаптарға сай келетін, өндірістің эко-шешімі қолдайтын және киім дизайнынң әлемдік тренді қолданатын ортақ олимпиадалық экипировка коллекциясын ұсынды. Оны дайындауға бір жылдан аса уақыт кеткен. Киімді дайындау процесіне атлеттердің өздері қатысқан білік. Олар форманың дизайнын сапасы мен функционалына қатысты өз ұсыныстарын білдірген.

«4 ақпан күні төртжылдықтың басты додасы — қысқы Олимпиада басталады. Токио қарсаңындағы секілді, бұл ойын басталардан бұрын да біз олимпиадалық экипировканы дайындау кезінде спортшылардың ұсынысы-тілегін ескердік. Біз үшін Олимпиада ойындарында спортшыларға осы форманың ыңғайлы, қолайлы және сәнді сәзгендері маңызды, — деді ҰОК бас хатшысы Андрей Крюков.



бұл жобаға толыққанды дайындалған, еліміздің мәдени ерекшеліктері мен әлемдік сен трендідегі маңызды жайттарды саралғауы Киімде жазуға бірегей ширфит таңдалды. Жарысты қабылдаушы елдің дәстүрлері де назардан тыс қалған жоқ. Олимпиада өтетін жыл су жолбарысы жылмен сәйкес келеді, ал шығыс күнтізбесі бойынша 2022 жылғы түс «талпартары» аспан көк, қара және ақ түс сәйкес келеді. Бейжіңде Қазақстан командасы біртұтас ойластырылған жынтыққа ие болады.

Клим Қытайдағы қысқы климатқа арнайы ойластырылған. Мұнда температура кей кездері 20 градустан да төмендейді. Сондықтан сырт киім табиғи қаздың жүнімен толықтырылған, жылуды сақтап, суықты өткізбейтін заманауи жарғақтық материалдар қолданылған. Көлеміне қарамастан, киімнің салмағы аз, өте иілмді және еркін қозғалуға ыңғайлы.

Дизайнерлердің пайымынша, олимпиадалық бұл форманы спорттық аренадан басқа жерлерде де кие алады. Қысқы Олимпиада ойындары 4 ақпан күні Бейжіңде басталып, 20 ақпанға дейін созылады. Қазақстан командасы спорттың сегіз түрін бақ сынайды деп күтілуде.



### ҚАЗАҚСТАН ТУЫН КИМ УСТАП ШЫҒАДЫ?

Шорт-тректен Қазақстан командасының көшбасшысы, әлем кубогі кезеңдерінің жеңімпазы әрі жүлдегері Абзал Әжіғалиев пен қонкімен жүгіруден төрт құрлық чемпионы Екатерина Айдова Олимпиадада Қазақстан олимпиадалық құрамасының туын ұстаушылар болып белгілді. Екатерина Айдова ең алғаш рет 2010 жылғы Ванкувер Олимпиадасында қатысты, кейін Сочи-2014 және Пхенчхан-2018 ойындарында ел намысын қорғады. 30 жастағы Айдова үшін Бейжің ойындары өз мансабындағы төртінші Олимпиада болмақ.

Тәжірибелі спортшы — қонкімен жүгіруден әлем кубогі кезеңнің, 2017 жылғы Универсиада ойындарының жүлдегері, 2021 жылғы төрт құрлық чемпионатының жеңімпазы «Қысқы Олимпиада ойындарының ашылу салтанатында еліміздің байрағын көтеріп шығатын алғашқы қазақстандық спортшы қыз екеніміз мақтан тұтамын. Көптеген атлеттер үшін бұл алғашқы Олимпиада, ал кейбіреулері төртжылдық додасына бірнеше рет қатысқан. Алайда Олимпиадада кешіра рет қатысқан да, ондағы сезім өзгемейді. Елің үшін мақтансың және үлкен жауапкершілік барын түсінесің, Бейжіңде ел үмітін ақтау үшін бар күшімізді саламыз», — деді Екатерина Айдова.

Абзал Әжіғалиевтің еңшісінде шорт-тректен әлем кубогі кезеңдерінің барлық жүлдесі бар, 2017 жылғы Универсиада, 2011 жылғы Азия ойындарының медалы да қоржынан табылады. Ол 2010 және 2018 жылдардағы Олимпиадаға қатысып, Пхенчханда Қазақстанның туын көтеріп шыққан болатын. Ол мұндай құрметке екінші рет ие болып отыр.

### КИМДЕРДЕН ҮМІТ КҮТЕМІЗ?

Айта кетейік, Қытайда жалпы саны 109 медаль саралқа салынады. 2018 жылы Пхенчханда 102 медаль болған. Олимпиаданы жалғыз Бейжің емес, оның қасындағы Яньцзин және Чжэнцзяо қалалары да қабылдайды. Бейжіңде хоккей, мәнерлеп сырғанау, керлинг, шорт-трек, қонкімен жүгіру спорт түрлері өтеді. Яньцзинде бәсекесі, шаңа, скейтленг, тау шаңғысынан жүлделер саралқа салынады. Ал жүлденің көбі Бейжіңнен 180 шақырымдағы Чжэнцзяоуды ұлестіріледі: шаңғы жарысы, биатлон, қосаяйсы, трамплинен секіру, фристайл, сноуборд. Олимпиаданың ашылу салтанаты Бейжіңдегі орталық стадионда өтеді. Бұл 2008 жылы жазғы Олимпиада арналына салынған.

Ал Қазақстан қысқы Олимпиададан 1994 жылдан бері 8 медаль жеңіп алған. Оның төртеуі айылы Владимир Смирновқа тиесілі. Көкшегүлшік шаңғышы 1994 жылы Лиллехаммерде 1 алтын, 2 күміс еңшілген. Одан кейін 1998 жылы Наганода бір қолға медальға қол жеткізді. Сол жылы керектілік қонкіші қыз Людмила Прокашова да үшінші орыннан көрінді. Әкіншеі кәрірі 2002 жылы Солт-Лейк-Сити мен 2006 жылы Туринде жүлдесі қалды. Бірде-бір спортшы тұрғындар көрне алмады. 2010 жылы Ванкуверде Беларусь елінен келген легионер Елена Хрусталева биатлоннан күміс медаль әперді. 2014 жылы Сочиде маршук Денис Тен мәнерлеп сырғанаудан, 2018 жылы Юлия Галышева Пхенчханда фристайлдың могул түрінде қолға жүзде жеңіп алды. Қытайдағы Олимпиадада нақты мына спортшы жүлде әкеледі деп айту қиын. Мәнерлеп сырғанау спортшындағы мақтанышымыздың бірі Денис Тен өмірден өтсе, жерлесіміз Элизабет Тұрсынбаева қарерасын аяқтады. Тағы да Юлия Галышеваның жолына үмітпен қараймыз. Галышева секілді могулшылардан Павел Камышков пен Анастасия Горюхо бар. Ол екеуі биыл Астанадағы әлем чемпионатында қолға медаль алған. Егер осы жетістіктерін Қытайда қайталап алса, онда Қазақстан үшін керемет жетістік болары сөзсіз.

# ИЛЛЮСТРАТОР БОЛЫП ЖҮР ТАЛАЙ ҚАЗАҚ БАЛАСЫ

«Суретші тек қана суретші емес» дейді Георг Зиммель. Картинасы арқылы көңілі құлазыған жаңды өмірге ғашық қылатын, түрлі жағдаяттарды түсінбегенде сұрағына жауап, жұмбағына шешім бола алатын, сұлулықты көзбен емес мүмкіндік беретін қылқалам шеберін жай ғана суретші деу аздық ететін болар. Алайда кенет графикалық смартфонға, қылқалам саусақтың қимылына ауысқан технологиялық төңкеріс кезінде өзгермеген жалғыз нәрсе бар: эстетикалық рахат, картинаның көрген жанға әсері. Осындайда «Суретшілер бізге өмірдің қандай ғажап екенін көрсетуі керек. Өйтпесе оған адамдардың күмәні бар» деген Анатолий Франстың сөзіне келіспесе болмайды.

Қылқаламды игеру көз келгенге қоймайтын ерекше қабілет десек, иллюстрация өнері де үздіксіз ізденіс пен жоғары талағамды, тың идеяларды қажет етеді. Иллюстрацияның туынды – қандай да бір мәтінді толықтырып, мағынасын ашу үшін қолданылатын сурет. Сан қырып саланың шығу тарихына көз салсақ, бірнеше ғасырларды арқа тастаймыз. Ежелгі Египетте әнұран мен аңзар жинағы папирусқа жазылып, иллюстрациялық суреттер қоса салынған. Олар мәтіннің мазмұнын ашу үшін арнайы қолданылады. Бірақ бізге бізге дейінгі антикалық кезеңнен «Илиада» мен «Энеида» қолжазбалары сақталып жеткен. Кітап бастауы қолжетімді бола бастаған XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырдың бастапқы жылдарында аталған сурет саласы да дами түсті. Бұл кезеңдегі суретші мәтіннің өз сөзінді қара түспен салынған.

Арада біраз уақыт өткен соң XIX ғасырда қанат жайған фотографиядағы фотомеханикалық процестер иллюстрациялық туындыларды жаңа деңгейге көтерді. Тақтайшаларға салынған штрихтік белгіне – цинкография ойлап табылып, баспапар суретті түрлі түсті етіп шығара бастады. Бұл кезеңде салынған туындыларда образдылық емес, шынайылық маңызға ие. Иллюстрация мәтінмен тығыз байланысып, кірісіп кетті. Ал бүгінгі иллюстрацияның жетістігі – қолжетімділікте. Қандай да бір қиялдағы бейнені туындыға айналдыру үшін компьютер немесе графикалық планшет, арнаулы бағдарламалар болса жеткілікті, яғни иллюстратор жантехнологиялармен жұмыс істей алуы тиіс. Дегенмен жаңа әдістеме

түрлері тәжірибемен келеді. Бастысы, автордың жандүниесінде не сезінгенін өзгередің де сезіне алуында.

Заманауи қазақ иллюстраторларының шығармашылығы брэндте. Мұны әлеуметтік желілерде мыңдаран оқырман жинайтын жас суретшілердің парақшасынан байқаймыз. Одан бөлек материалдық дүниелер қолжетімділігі артқан сайын атаулы күндерде ерекше сыйлық жасау үшін де иллюстратор туындысы немесе тапсырыспен жасалған сурет бар шығармашы киім, қажетті заттар да көптің көңілінен шығуда. Instagram әлеуметтік желісіндегі illustrators\_kz парақшасы қазақстандық авторларды қолдау мақсатында ашылған. Мұнда жазылған әр адам тың туындылармен танысып, қоғамда болып жатқан өзекті мәселелерге суретшінің көзқарасымен қарай алады. Күнделікті өмірде байқай бермейтін кішкентай, бірақ маңызды дүниелер – махаббат пен мейірім, шынайылық пен сұлулыққа сусындап, шөлдізді басытыныңыз шүбәсіз.

Ақниет Жалғаева өзінің суретші-иллюстратор Instagramда aptideya есімімен өз туындыларын жариялауда. «Сурет салуды 26 жасымнан бастадым. Бала кезімнен суретші болуды армандаушы едім. Бірақ мектеп бітіргенде бағамдамамын деп мамандыққа тапсырып, суретшілікпен бірқола қоштастым. Ақыры шығармашылықтан алыстай алмайтынмыа көзім жеткен соң бәрін тастап, өткен жылдың алғашқы күндерінде суретшілікке қадам бастым. Жұмысым да, демалысым да – сурет салу», – дейді ол.

Qazaq.soul парақшасы арқылы иллюстраторлардың туындылары бейнеленген киім, сөмке, смартфонға арналған тысқа тапсырыс беруге, сыйлық ретінде ұсынуға болады. 14 мың оқырманы бар парақша ұстаушы ерекше қазақстандықтарды 2020 жылдан бері қуанытып келеді. Шетелдік брэндерді қойып, иллюстратордың салған суретіне тапсырыстың артуы жаңа қоғамдық көзқарасты, жоғары талағамды білдіреді.

Дина БӨКЕБАЙ



## АРМАНЫҢЫЗ ҚАНДАЙ?

Қояр да қоймай, көрсетуін сұрадық, Қолға алдық, Қарадық, Сөзім басқаша. Осыдан бірнеше жыл бұрын, яғни студент кезіндегі жазған дүниелері сол қалай айна қатесіз орындағанын қуанышпен айтып отыр. Негізгі мандағы – тіпіншілік. Соған қатысты жеке цех, әлеуметтік дүкен ашу жоспарында болыпты. Орындалған. Қарта бетіндегі түрлі жазуға қарап, қызыға қарайсың. Оны жай қара сөзбен жазып қана қоймай, суретін де сызып, нақты уақытын да тайға басқандай белгілепті.

Бала шақтан санамыздың түкпірінде қалып қойған ішкі қалауымыздың орындалуы нақтылықты талап ететіні түсінікті. Мұнда ең алдымен ата-ананың, жақын жандардың сенімі маңызды. Менің сол кезде санамды септ еткізген бір ой болды. Біздің көп нәрсе көңіліміз толмайды емес пе? Мысалы, айналдағы адамдарға қарап, оның өміріне тереңірек үңіліміз келеді. Тіпті

**Көшқұрым шақ. Сенбінің суығына қарамастан сіңілім өкеуміз сәнділік, бөлеміздің үйіне қыдыруға шықтық. Жасқы қарсы алды. Бар дәм-тұзын алдымызға қойып, шүйіркелесіп шай іштік. Жаурағаннан ба білмеіміз, әйтеуір ыстығына жылынып нөше кесе шай ішкенімді ұмытып қалыппын. Кенет төтем мен сіңілімнің өңгімесіне құлақ түрдім. Болашаққа жоспар жайлы сөз қозғап отыр екен. Өңгімеден өңгіме шығып, төтем «Армандар картасын» құрастырғанын айтып қалды. Қызық болғаны соншалық, көргенше асықтық...**

Гүлжанат ҚАДЫРБЕКОВА

Кезекші редактор: Гүлдана ЖҰМАДИН

## ЖУЛДЫЗ - ЖОРАМАЛ (27 қаңтар – 2 ақпан)

**Тоқты**  
Аптада әріптестермен жанжалдасып, қаржылық қиындықтарға душар болуыңыз мүмкін. Алайда келер апта бәрі реттеледі. Қиындықтан шығып, табысқа қол жеткізу үшін өз бағытыңыздан танауы керек.

**Торпақ**  
Аптада жақсылықтар болғалы тұр. Сонымен бірге қызықты ұсыныс түседі. Мәселен, біліктілік арттыру, курстары. Мұндай ұсыныстан бас тартпаған жөн. Осы уақытта дейін жасаған жұмысыңыз өз жемісін береді. Сондықтан қорқыпай, жаңа жобаны қолға алыңыз.

**Еріз**  
Апта жетістікке жетуге сәтті уақыт. Сондай-ақ өміріңізде келесісіздіктер болмайды. Жақсы жұмысқа орналасып, жаңа бастауға көшу мүмкіндігі туады. Кәсіп бастау, маңызды келісімдер жасау немесе ауқымды істерді кезеңге өткізу сәттілігін тигізеді. Отбасын құруды немесе сәбилі болуды жоспарлап жүрсеніз, оны келесі айдың еншісіне қалдырған жөн.

**Шыан**  
Үнемі қиын жағдайдан шығудың жолын іздейсіз. Сонымен бірге аптада көп нәрсеге қол жеткізе аласыз. Осы айда жеке өміріңізге қатты әсер ететін жайт орын алуы мүмкін. Қаржы саласында сәттілік болады. Үлкен табысқа кенелесіз.

**Арыстан**  
Алдыныздан көптеген сынақ шығуы мүмкін. Алайда бұл сіздің күштілігіңіз бен төзімділігіңізді тексеруге жақсы мүмкіндік. Егер сынақтан сүрінбей өтсеңіз, әрі қарай үлкен жетістікке жетесіз. Жұлдыздар асығыстық, танытауға және өзгелердің (сізді) басқаруына жол бермеуге кеңес береді.

**Бикеш**  
Қаржы саласында, жалпы көз келген жарыста жеңіске жетесіз. Кәсіп бастағыңыз көптегенге сәттілік беріп болады. Алайда істі достарыңызбен бірге бастамаған жөн. Жаңа белгілерді бағындыратын уақыт жетті. Өзіңді өзге қырынан көрсетіңіз. Бұл апта жетістіктерге жететін кез. Мұның бәрі бұған дейін қолға алған істің жемісі.

**Таразы**  
Өміріңізде айтарлықтай өзгеріс болады. Өмірлік серігін іздегендер жанына жақын адамды табады. Жұмыста басшылықтың жеңіс шағымына мән бермеуге тырысып, діндеген мақсатыңызға жетер жолда табандылық таныту керегін естен шығармаған жөн. Қаржы мәселесіне көп көңіл бөлген дұрыс.

**Сарышан**  
Көп ойланбай, түрлі жоспар құрып, алғашқы қадам жасасаңыз, жұмысың нәтижесін көре аласыз. Апта соңында қабылданған шешімнің дұрыс-бұрыстығына көз жеткізесіз. Бикеш жетуді де, төменге құлдырауды да бастан өткізуіңіз мүмкін. Апта соңында күтпеген ұсыныс жасалуы мүмкін.

**Мерген**  
Аптада жаңа қарым-қатынас бастап қана қоймай, өзіңді де реттей аласыз. Жалғамыз жағдай мен өзгеріс орын алғалы тұр. Барлығына да дайын болыңыз. Дегенмен сізде айтарлықтай қиындықтар болмайды. Бұл апта демалып, ем алуға таптырмайсыз уақыт.

**Тауешкі**  
Өмірді қайта бастауға құлшыныс артып, өмір қызығын сезінесіз. Махаббатта жолыңыз болады. Діндеген мақсатқа жету үшін бұл апта таптырмайсыз уақыт. Жолыңыз болып, көп нәрсеге оңай қол жеткізесіз. Сондықтан берілген мүмкіндікті жіберіп алмаңыз.

**Сұқүйгіш**  
Алға қойған мақсатты қолға алатын уақыт келді. Аптадағы әрбір әрекетіңіз өнімді болады. Махаббат, шығармашылық, қаржы сізге қиындық келтірмейді. Ойға алған жоспарыңыз іске аспай, бір орында тұралап қалғандай көріне бастайды. Алайда бұл туралы көп ойлап, уайымдамаңыз. Себебі бәрі аз уақыт ішінде реттеледі.

**Балық**  
Ешқашан асығыстық жасаманыз. Алайда шұғыл шешімді қажет ететін жағдайда жылдам әрі қарқынды түрде әрекетке кірісіңіз. Бұл сіздің қолыңыздан келеді. Өміріңізде болып жатқан жағдайды жеделдетуге тырыспаңыз. Қиын сәттердің өзінде өзгеріс болып ашуға бой алдырмаған жөн.

**АҚМЕШІТ жастары**

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеу алынып, №13844-Г нөмірі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» ақпараттық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

**Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

<b>БАС ДИРЕКТОР</b> Аманжол ОҢАРАБАЕВ	<b>БАС РЕДАКТОР</b> Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ	Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.	<b>Таралымы: 8010</b> <b>Тапсырыс: 122</b>
Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10	Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz		